



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№38 (100) 17 қыркүйек 2025 жыл

ҮНДЕУ

«ҚАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚАМҚОРЛАЙ ЖҮРЕЙІК» АЙЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Құрметті қазақстандықтар!

1 қазан- Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тындап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде карт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз карт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық киындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейрімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі

ДӘСТҮР

Отбасы - алтын қиңгек



Мемлекеттің отбасы институтын нығайтуға бағытталған маңызды қадамы болған отбасы күні жыл сайын қыркүйектің екінші жексенбісінде отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған іс-шаралар белсенді түрде қолға алынып келеді. Мемлекеттің дамуында, қоғамның қалыптасуында отбасының, ұрпақ тәрбиесінің маңызы зор. Бұл күннің ерекшелігі де осында.

Мерекеге орай Қонаев қаласының №3 орта мектебінде «Алтын шаңырақ, күміс кереге» тақырыбы бойынша «Махаббатпен өткен жылдар»атты іс-шара болып өтті. Кешке шаңырақ көтергендеріне 60 жыл болған Советолда мен Сағыдат Абышева, 50 жыл отасқан«Алтын шаңырақ» Дәулетбай Жұмабаев пен Тамара Балтабаева және отбасын құрғандарына 25 жыл толған«Күміс кереге» иелері Әділхан Әнуаров пен Гауһар Миронова құрметті қонақ ретінде шақырылды. Кешке қалалық ардагерлер мен аналар кеңесінің, қоғамдық ұйымдар мен этномәдени бірлестіктің мүшелері, мұғалімдер мен жоғарғы сыныптың оқушылары қатысты. Кештің мақсаты елімізде адамгершілік пен ерлі-зайыптылықты насихаттау, руханиятты нығайтуға арналды.

Абышев пен Жұмабаевтардың отбасы-бұл күндері ұл-қыз өсіріп, немере сүйген бақытты шаңырақ. Еңбек жолдарын ұрпақтары жалғаған, тәлімі мен тәрбиесі, көпке үлгі болар өнегесі мол әулет. Отбасылық құндылықтарымен, еңбекқорлығымен, адамгершілік қасиеттерімен, айналасына жасаған ізгілікті, игілікті

істерімен сыйлы болып жүрген қадірменді қариялар.

«Отбасылық тәрбие болашаққа қадам басудың негізі екенін ескерер болсақ, ұлттық құндылықтарды қастерлеу баршаның басты парызы болуы тиіс. Өйткені, әрбір отбасының іргесі берік болса, мемлекетіміздің тұғыры мықты болады. Біздер 4 бала тәрбиелеп өсірдік, олардан 6 немере, 1 шөбере көріп отырмыз, - деді 40 жыл жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған асыл ана Сағадат Абышева.

«Алтын шаңырақ» иелері Дәулетбай Жұмабаев пен Тамара Балтабаева-Қапшағай қаласында элеваторда 30 жыл бірге еңбек етіп, қаланың өркендеп өсуіне өздерінің сүбелі үлестерін қосып, 5 баласынан, 17



немере, 3 шөберенің қызық-қуанышын бірге бөлісіп келе жатқан ата-әже.

Олар отбасы болған соң ерлі-зайыпты адамдардың арасында өмірдің ыстығы мен суығы қатар жүретіндіктен бір-біріне кешірімді болып, түсіністік таныту жайында келелі ойларымен бөлісіп, жастарға бақытты болудың сырын әңгімелейді.

Әділхан Мұханбетұлы мен Гауһар Қабылқызы бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, 2 қыз тәрбиелеп отырғандарымен айта келіп, сыйластық пен ынтымақтастық, сүйіспеншілік болғанда шаңырақ шайқалмай, отбасының алтын діңгегі берік болатындығы жайында жүрекжарды пікірлерін ортаға салды.

Қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Назым Чажайбаева мен Қазақстан халқы Ассамблеясының ақсақалдар кеңесінің Қонаев қалалық филиалының төрағасы Бақытбек Дәулетов және қалалық аналар кеңесінің төрайымы Дәметкен Нүсіпбекова сөз алып, жарасымды отбасы кез-келген мемлекеттің қалыпты тіршілігінің, ұрпақтар сабақтастығының, халықтың рухани-адамгершілік биік деңгейінің сақталуына негіз қалап, өнегелі отбасылар көп болған сайын еліміздің қуатты бола түсетіндігін еске салды.

Дәметкен Таласбекқызы мен Назым Сабазқызы кеш қонақтары отағасыларының иықтарына шапан, отаналарына камзол мен орамал жауып, естелік сыйлықтар табыстап, сый-құрмет көрсетті. Мектеп оқушылары ән айтып, күй тартып, аталары мен әжелерінің ақ батасын алды.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

МАҢЫЗДЫ БАҒДАРШАМ

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа арнаған соңғы Жолдауы еліміздің жаңа даму кезеңіндегі маңызды бағдаршам болды. Жолдау барысында мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуына қатысты нақты міндеттер қойылды.

Ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, әділдікті орнату, аймақтардың тең дамуына жағдай жасау секілді бастамалар қоғам тарапынан үлкен қолдауға ие болуда. Президент атап өткен білім мен ғылымды дамыту, жастардың әлеуетін көтеру, шағын және орта бизнесті қолдау-ел болашағы үшін аса өзекті бағыттар.

Сонымен бірге жаңа технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығын жаңғырту, экологияны қорғау мен «Жасыл Қазақстан» идеясын жүзеге асыру-болашақ ұрпаққа таза табиғат пен мықты экономика қалдыруға жол ашады.

Бұл Жолдау әрбір қазақстандыққа тың серпін беріп, ел дамуына өз үлесін қосуға шақырады. Мемлекет басшысының нақты тапсырмалары мен жоспарлары-Қазақстанды әділетті, өркениетті әрі қуатты мемлекетке айналдыру жолындағы нақты қадамдар.

Сондықтан біздер, азаматтар Президенттің осы бастамаларын қолдай отырып, еліміздің жарқын болашағы үшін бірлесіп еңбек етуіміз қажет.

Жолмұқан ТҮРІКПЕНҰЛЫ,
академик, зейнеткер.

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

Президентіміздің елге арнаған Жолдауында мемлекетіміздің алдағы дамуының негізгі бағыттарын айқындап берілді. Бұл құжат ел дамуының стратегиялық бағдарын айқындайтын маңызды саяси оқиға болып табылады.

Жолдауда жасанды интеллект пен цифрлық даму саласын дамыту жөнінде нақты тапсырмалар бар. Бұл-әлемдік үрдіске сай келетін маңызды қадам.

Бұл бағытта халықтың өмір сапасын жақсарту, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, бизнес-шарттардың жайлылығын көбейту мүмкіншілігі бар.

Экономикалық өсім және тең мүмкіндіктер бойынша елдің экономикалық тұрақтылығы, макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы және халықтың табысын арттыру ұсыныстары әлеуметтік әділдікті нығайтуға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, инфрақұрылым сияқты салаларды дамыту арқылы өңірлер арасындағы алшақтықты азайтуға мүмкіндік бар.

Жолдауда Парламентті бір палаталы ету,

саяси жүйені қатысымды ету, билік пен халық арасындағы байланысты нығайту туралы ұсыныстар көрсетілген.

Бұл реформалар қоғамның сенімін арттыруға, бюрократия мен формализмді қысқартуға септігін тигізеді.

Жолдауда сол сияқты әлеуметтік қорғау, денсаулық, білім салаларындағы міндеттер де көрсетілген. Жолдау әлеуметтік әлсіз топтарға қолдау көрсетуді, денсаулық сақтау мен білім беру сапасын жақсартуды қамтиды.

Президент Жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, әділетті қоғам құру, экономикадағы жаңа мүмкіндіктерді пайдалану және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері кеңінен қамтылды. Әсіресе білім беру мен ғылымды дамытуға, ауыл шаруашылығын қолдауға, жастардың әлеуетін көтеруге мән берілгені ел болашағы үшін маңызды шешім екені даусыз.

Бұл Жолдау-ел азаматтарына жаңа сенім, тың серпін беретін тарихи құжат. Әрбір қазақстандық Президенттің қойған тапсырма-міндеттерін жүзеге асыруға үлес қосса, мемлекетіміздің болашағы жарқын болмақ. Біз мемлекет басшысының Жолдауын толық қолдай отырып, ортақ мақсат жолында бірлік пен ынтымақ танытуымыз қажет.

Шынар МҰКАНОВА,
жеке кәсіпкер.
Тұздыбастау ауылы.
Талғар ауданы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Мамандық дәріптелді

9 қыркүйек күні Кеген ауданының орталығы Кеген ауылында 2025 жылы жұмысшы жылына орай «Керуен» іс-шарасы болып өтті.

Оған ауданда істейтін жетекші фирмалар мен кәсіпкерлер, жұмысшы мамандығына дайындайтын колледждер және ауданның барлық округтерінен адамдар қатысты.

Жұмысшы мамандығы дәріптеліп, көрмелер ұйымдастырылды. Шараға аудан әкімі Н.Теңізбаев, оның орынбасарлары, округ әкімдері, мекеме қызметкерлері, аудан тұрғындары қатысты. Аудандық ардагерлер ұйымының кеңес мүшелері шараның жақсы өтуіне атсалысты. «Керуен» күніне орай жұмысшы мамандығын жақсы меңгерген ауданда істейтін жас жұмысшыларға аудан әкімінің алғыс хаты мен бағалы сыйлықтары тапсырылды.

С.ДОСЫМБЕКОВ,
Кеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Тағылымды басқосу

Таяуда Іле ауданы Боралдай кентіндегі №39 гимназияның акт залында «Отбасы күні» аясында отбасылық құндылықтарды дәріптеу, мәдени мұра мен ұлттық дәстүрді насихаттау ұрпақтар арасындағы шығармашылық өзара қарым-қатынасты нығайту мақсатында тағылымы мол шара өтті.

Бұл жолы халқымыздың ежелден келе жатқан ізгі дәстүрлерінің бірі «Ерулік» дәстүріне арналған тағылымды бас қосу ұйымдастырылды.

Шараның ұйытқысы Боролдай кенті «Асыл ана» ұйымының өкілі Сайран Дәлелхан болды.

Іс-шараға Боралдай кенті ардагерлер ұйымының төрағасы Нұрлан Шорманов, №39 гимназия директоры Ерболсын Абайбекұлы ұстаздар мен оқушылар қатысты.

«Асыл ана» ұйымының төрайымы С. Дәлелхан өз сөзінде «Ерулік» дәстүрінің мән-мағынасын кеңінен ашып, халқымыздың бірлік пен сыйластыққа негізделген өмір салтының айнасы екенін атап өтті. Ол еруліктің жаңа қонысқа қоныстанған көршіге көрсетілер құрмет пен ынтымақтың белгісі екендігін, сондай-ақ бүгінгі күнде жастарға тәрбиелік маңызы зор екенін жеткізді.

Сонымен қатар гимназия директоры Ерболсын Абайбекұлы сөз сөйлеп, ұлт дәстүрін ұлықтау өскелең ұрпаққа тағылым берудің ең маңызды жолдарының бірі екенін айтты.

Ол оқушылардың ата-баба дәстүрін жалғастырып, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп өсуіне осындай іс-шаралардың ықпалы зор екенін ерекше атап өтті.

Шара барысында мектеп оқушылары қазақтың ән-жырынан шашу шашып, халықтық салт-дәстүрлерге байланысты көріністер қойып, жиналған қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бұл бас қосу ұлттық мәдениетіміздің тамыры тереңде жатқан асыл қазыналарын насихаттап қана қоймай, ұрпақ сабақтастығын, отбасылық құндылықтардың өміршөндігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бағдат БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ,
Іле ауданы
«Асыл ана» ұйымының төрайымы.


ЕЛ ЕРКЕСІ ЕРКІН АҚЫН ТУРАЛЫ СЫР

Еркін Ібітанов... Өткен ХХ-ғасырдың 60-жылдарында әдебиетіміздің киелі табалдырығын Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, тағы да басқа қазақ поэзиясының классиктерімен бірге аттаған ол, жыр әлемінде өзіндік лайықты орны бар мәңгілік сөнбес жұлдыздарының біріне айнала білді. Ақынның өмірбаяны, шығармашылық жетістіктері жайлы ой толғау менің міндетім еместей. Ол болашақ Еркінтанушы ғалымдарымыздың арқалар жүгі болса керек. Мен оған кәміл сенемін.

Иә, мен қатардағы қалам ұстап жүрген Ерекеннің шәкірттерінің бірі ғанамын. Олай деуге де толық құқым бар секілді. Олай дейтінім, сол өткен ХХ ғасырдың 80-жылдарының бас кезінде Еркін ағамыз өзі қызмет істейтін аудандық «Хантәңірі» газетінде менің балауса жырларыма сәт-сапар жазып, қанат қақтырған еді. Өзінен бұрын даңқы жеткен Ерекенді сол кезден бастап білетін болдым. Ол осы газетте зейнеткерлікке шыққанға дейін ұзақ жыл еңбек етті. Мен секілді талай қалам иелерін камқорлығына алды, тәрбиеледі. Тіпті, сол Райымбек ауданынан шыққан қалам иелерінің бәрі дерлік «Ерекеннің шекпенінен шыққандар» десем, артық айтпаған болар едім. Олар да осы сөзімді жоққа шығара қоймас. Бір қызығы, сол бір аудандық газетте жарияланған дүниелеріңді облыстық, республикалық басылымдарға жасқанбай ұсына беруіңе болатын. Ерекеннің талғамынан шыққан сол дүниелер көп ұзамай басқа газет-журналдарда басылып жататын. Осыдан-ақ Ерекеннің «аудандық газет-қой» демей, көркем шығармаға деген жоғары талап қойғандығын байқауға болады. (Ал кәзір ғой кез-келген басылым беттерінде «күлдібадам» дүниелердің топырлап шығып жататыны. Меніңше, оның басты себебі – газет-журналдар мен баспаларда Еркін ақын секілді киелі өнерге аса сергек қарайтын жандардың азайып бара жатқандығынан болар деп ойлаймын). Осы арада ұлы Мұқағалидің алғашқы өлеңдеріне Ерекеннің сәт-сапар жазғанын айта кеткеніміз жөн секілді. Сол кездегі газеттің бас редакторы болған Әлнұр Мейірбековтің естелігінде қызықты әңгімеленеді. ...Әлекең Мұқағалидің алғашқы өлеңдерін әдебиет бөлімінің менгерушісі Еркінге тапсырып, осы өлеңдер туралы өз пікірін білдіруін сұраған. Бір-екі күннен кейін Ерекең Мұқағалидің өлеңдерін газеттің алдағы санына ұсына отырып, Мұқағалидің тым алысқа сілтейтін талант екенін бастығына жеткізген. Міне, талант-талантты қалай тап басқан десеңізші. Содан бергі Мұқағали мен Еркін ақын арасындағы ағалық-інілік сыйластық жайлы күллі Алаш баласы жақсы біледі. Ерекең Мұқағали ағасы жайлы «Хан-Тәңірі, қайдасың?» атты дастан, «Мен білетін Мұқағали» атты естеліктер кіта-

бын жазып шықты. Мұқағали ақынның да Ерекенді сағынған сәттегі жазған жырларын оқырман қауым жақсы білуі тиіс. Ол туралы сәл кейінірек.

Жоғарыда айтқанымдай, Еркін ақынның есіміне мектеп партасындағы оқушы кезімнен жақсы қанық едім. «Советтік шекара» беттеріндегі жарық көрген дүниелерін қалт жібермейтінмін. Оның «Еркін Қайнар», «Е.Жұмаділұлы»деген псевдониммен берілген көркем очерктерін, суреттемелерін жиі оқитынмын. Ерекенмен жоғарғы оқу орнын бітіріп, ауылға оралған соң, жоғарыда айтқанымдай, алғашқы өлеңдеріме сәт-сапар жазған кезден бастап жақсы араласа бастадым. Ерекең жетекшілік жасайтын «Мұқағали атындағы әдеби бірлестіктің» мүшесі болдым. Өзі маған жезде болып келеді екен. Қайын жұрты, басқа да қатарлас құрдастары, әзілі жарасқан інілері туралы өткір әзілдері ел ішінде баяғыдан тарап кетіпті. «Еркін айттыпты» деген юморға, керемет терең астарға толы ешкімнің жанын ауыртпайтын, қайта оларды айрықша сезімге бөлейтін тапқыр сөздері әлі күнге ел ішінде жиі айтылады, рехаттана тыңдайсыз. Жаныңыз жадырап сала береді. Оның табанастынан тауып айтқан өткір де зілсіз әзілдеріне өзім де талай рет куә болғам. Әзілдің нысанасына өзім де аз айналғам жоқ едім. Ол туралы кейінірек жазармын. Болмаса Ерекенмен ұзақ жыл қызметтес болған Мінуар, Айтақын, Батық секілді ақын інілері арадік жазып жүр. Осы сөздердің басын қосып кітап етіп басып шығарса тіптен оң болар еді. Менің айтайын дегенім, өткен ХХ-ғасырдың 90-жылдары еліміздің Тәуелсіздік алып, нарыққа көшіп, жабайы капитализмнің дендеп тұрған шағында ауылдардың тұралап қалғаны жасырын емес. Дүкен сөрелері босап, бар дүние талан-таражға түсіп, жоқшылық кеңірдектен алған тұста жұрт Алматыға қарай үдере көшкен кезең еді. Сол бір қалың нөпірдің ішінде мен де 1995 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласына қоныс аудардым. Алайда туған жердің тыныс-тіршілігі сыртта жүрген кімкімді болса да алаңдатып тұратыны бар емес пе. Кездейсоқ жолыға қалған жерлестеріңнен ауылдың жағдайын сұрайсың. Көбіне әңгіме



соңы Ерекең келіп тірелетін. «Ерекең былай депті, былай деген» деп мәз боламыз. Ұмытпасам 90-жылдардың соңына таман болуы керек, Еркін ағамыз Нарынқолдағы үйінен Қарасазға көшіп барып, Мұқағали мұражайында қызмет істеді. Сол жылдары облыстық «Жетісу» газетінде Қарасаздағы Мұқағали мұражайы туралы мақала жарық көріп, мұражайдың материалдық базасын жақсарту бағытында біраз өткір мәселелер ортаға салыныпты. Мақаланың бір жерінде Мұқағали ескерткішінің қасында Еркін ақынның ұзақ ойға батып, жиі жүретінін де келтіріпті. Жүрегім шым ете қалды. Ойпырмай, кезінде Мұқағалидың «Алып па «Аққуымды» Еркін ақын, Ел қорық, Еркін менің қорықшым-ғой» деген өлең жолдары есіме түсті. («Аққу» – Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда деген жыр жинағы). Тіпті, осы өлең жолдарын тиек етіп, Ерекеңе арнап «Қорықшы» атты өлең де жазғанмын. Кезінде осы өлең аудандық «Советтік шекара» газетінде (3 ақпан 1993 жылы) жарияланған болатын.Ерекең елі-жұрты көшіп жатқан Қарасазға Мұқағали ағасы жалғызсырамасын деген оймен көшіп барған секілді сезілді, маған. Бірге мұңдасқым келді. Бірақ қолдан келер қайран жоқ. Хат жаздым. Өлеңмен. Облыстық «Жетісу» газетінде (20 сәуір 2002 жыл) жарияланды.

ХАТ
(Еркін Ібітановқа)

Хат жаздым қалам алып, қайран болса, Бөлісер ортамызда ойлар қанша?! Өзіндей тектіні іздеп құлазымын, Бас имей көр-көкірек жандарға онша.

Біреуді аға санап, іні болам, (Мерездік болса да аян сыры маған). Төбемнен төніп тұрар қара аспандай, Сезінер өзін-өзі ұлы Қаһған.

Ақын деп санаймын да саналы жан, (Садаға кетсін сенен дала-қыран). Аркамнан қағып тұрып сезбейді деп, Күшіктей тістелейді балағымнан.

Аңғалмын, баяғыдай кешем отты, Демеймін әлдекімге есе кетті. Қалдырып орта жолда қуанады, Алдымнан орап өткен нешеме епті.

Балайды ақымаққа, бірі ақынға, (Ақындық мәңгіліктік мұратым да). Осында бәрі құмар құлатуға Мен емес, жетпей бірақ тынатын да.

Тынбаспын, күресемін, беріспеймін, (Қажет пе тұмсығын да тегістеймін). Сен болсаң Хан-Тәңірдің қарағайы, Мың жылдық қарағайдай-беріштеймін.

Дей алман қазы кертіп, бал асадым, Түсімде қыр кеземін, тау асамын. Ұқса деп жақсыларға жанасамын, Асқақпын, тексіздерге аласамын.

Сүрінем, қаз тұрамын, қуаттанам, Кей сәтте оңаша жылап та алам. Қаламым алмас қылыш қолымдағы, Ақ парақ-әппақ әлем, жырақ ғалам.

Өзің де кеп қалардай елден бір күн, Қиялды сан тарапқа сермеп жүрмін. Байынқол тентек өзен, қалын орман, Сонау бір шақтарды аңсап, шөлдеп жүрмін.

...Хат жаздым қалам алып, қайран болса, Берілме анау-мынау ойларға онша. Жырдағы қолбасымсың, сарбазыңмын, Күтіп тұр алдымызда майдан қанша... 2009 жылы Ерекең дүниеден өтті. Топырақ салдық. Қаралы жиында Мұқағали ақынның Төлеген ақын қайтыс болғанда жазған жыры есіме түсті. Қателеспесем, «Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның, Қызарып батты ертеңгі шығатын күн. Торғай өлең шырылдап бара жатты, Аузында ажал дейтін сұрапылдың» дегендейін, арысз ажалдың алдында тіршіліктегі күйбең тірлікке пысқырып қарамай-тың,тек өлең үшін жаратылған Еркін ағамның соңғы бейнесі көз алдымда сақталып қалды. Мен де шын ақынның ажал дейтін сұрапылдың құшағына еніп бара жатқанын көрдім. Жүрегім ауырды.

Содан бері біраз жыл өтті. «Еркін-ғұмыр» атты бір дүниені жазып жүргендеймін... Еркін ғұмыр кешкен Еркін ағам-жұлдызы жарық, бақытты ақын.

Серікжан ҚАЖИ.

ЕРКІН ТУРАЛЫ АЙТАР БОЛСАМ...

Еркін-үлкен дарын. Мен оның талантын ерте таныдым. Кейбір жағдайларда жетекке алып сүйремесем де, жігерін жанып, шабытын шүйлеген кездерім болды...

Сонау, елуінші жылдары болатын. Бұрынғы Нарынқол ауданының жетекші саласы мал шаруашылығы еді. Сондықтан аудандық газет малшылар өмірін шынайы көрсететін шағын көркем шығармаларға бәйге жариялады. Атаған сыйлығымыз тақияға уыстап салған тарыдай шамалы еді. Бірақ үмітіміз үлкен, дөеміз дардай... Бір серпіліс туар деп шамаладық.

Бір күні редакцияға Еркін келді. Қуана көрістік. Қызу әңгімелестік. Шешіле, көсіле сырластық. Бәйге мақсатын сөз еттік. Еркін ойланып кетті.

Шамасы бір айға толар-толмас уақыт өткенде Еркін қайта келді. Анау жолғыдай алқам салқам емес. Тоят тілеген қырандай шабытты екен.

- Мына бір дүниені әкелдім. Толғағы тым қатты болды. Бірақ сәтті туған сияқты. Төрелігін өздеріңізден күтемін,- дейді ірі әріппен әдемі жазылған қолжазбаны алдымызға қойып.

Бұл аудандық «Советтік шекара» газетінің бас бәйгесін алған, кейін «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шыққан, Еркінді оқырмандардың ыстық ықыласына бөлеп, нағыз ақын атандырған әйгілі «Қойшылар» поэмасы еді.

Біздің үмітіміз ақталғандай қуандық.

Әлнұр МЕЙІРБЕКОВ.

Ерекең екеуміз 1966 жылдан 1996 жылға дейін, ол зейнеткерлікке шыққанша аудандық газет редакциясында бірге жұмыс істедік. Бүгінде Албанның айбатты ақыны болған бейбағым мен редактор болған 1983 жылға дейін 25 жыл газеттің әдебиет жене тұрмыс деген бөлімін (өзін-өз) басқарып, тапжылмай қалған екен. Мен оны е дегенше екі секірттім.

Еркін ел мен жұртқа құдайдың бере салған салқар ақыны ғой. Ол-ақын, ақын болғанда ұлы ақын, ірі ақын. Оның сыртында өзіне ғана тен өтірік-шыны аралас қадір-қасиеттері жетіп артылады. Білесіз бе, ол-мерген, ол-балықшы. Кептіре айтсақ. Кеген-Нарынқол аймағында оған тең келетін мерген де, қармақшы да жоқ болып шығарды. Бір сағатта бір қап балық ұстау, қашқан анды серпе атып, серейте салу-Ерекен үшін түк те емес, әдеттегі шаруа. Балықшы Еркінді естуім бар. Өрнектегі шалшық көлден лақтай-лақтай балық «ұстап» әкеліп, бір айдан кейін оны ертегі қып айтып, аузыңнан сілекейінді ағызды. Ал, мергендігін ше? Обалы не, бір рет көзіммен керіп, құшырланып құйкалақ жегенім бар.

Дәулет ЖЕЛДІКБАЕВ.

Тағы да балалық шаққа қатысты сәл шегініс... Он бірінші сыныптағы емтихан енді жүріп жатқан... Алда соңғы қонырау... Туған ауылым Қайнар аудан орталығынан отыз шақырымдай жерде. Әке-шешем мектеппен қоштасу кешіне келе қалатындай емес, карт адамдар. Әрі ойлап, бері ойлап сол кешке аудандық газеттегі өзімнің тікелей бастығым Еркін ақынды «ата-анам» ретінде қонаққа апаратын болып іштей шештім де, бұл ойымды оның өзіне айттым. Қабағы қарс жабылып жүретін ол күлмен ете қалды. Демек, құптағаны...

Салтанатты бас қосудың алғашқы сәтінде ақ менің «ата-анам» ретінде Еркін Ібітанов сөз алып, төгілдіре өлеңдерін оқып, кештің шырайын кіргізді... Өзімше айқайлап айта жаздап әзер қалдым «ақынмен бірге қызмет істеймін!» деген сөзді.

Айтақын ӘБДІКАЛ.

«Қаламгердің жұлдызды сәттері 60-шы жылдары ерекше жайнаған. Жиырмаға жетпеген тау баласының тас түйіндей болып шымыр орындалған «Қойшылар» поэмасы жыр сүйер қауымды өзіне жалт қаратты. Себебі, «Қойшылар» поэмасы – қойшылар туралы жазылған шығарма емес. Қазақтың ұлттық өмірін сыр ғып шерткен үлкен толғаныс. Төрт түлік малды кәсіп еткен елдің кешегісі мен бүгінгісін көз алдыңызға елестетіп отырып ой түйеді. Ата, әке, бала деп аталатын үш ұрпақтың сипатын ақындық шеберлікпен бейнелейді. Мәселе ақынның тандап алған тақырыбында тұрған жоқ. Автор оны көптің көңілінен шығатындай етіп толқын-толқын ырақпен орындаған. Поэмадағы шумақтар, қиыннан қиысқан тіркестер қай жағынан қарасаң да жасандылықтан ада. Бәрі жүректің табиғи үніндей болып құлаққа құйылады. Мұндай шеберлік – сирек кездесетін шеберлік. Соған қалың елдің көзі жетіп, құшырлана қол соқты».

Батық МӘЖИТҰЛЫ.

Көпшіліктің бәрі бірдей Еркін ағаның шахматты күшті ойнайтынын білмеуі мүмкін. Басында одан біз де хабарсыз едік. Бір жылы жазда облыстық полиграфия кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен аудандық редакция мен баспахана жұмысшы-қызметкерлері Қарғалыға жиналып, бас қостық. Кәсіподақ басшыларының ойы бір-бірімен жолығысып, танысып-білісіп, демалып қайтсын деген болуы керек. Таныстарымыз шұрқырай амандасып, танымайтындарымыз сұрасып, арқа-жарқа болып жатырмыз.

Нарынқолдыктар мен кегендіктер тонның ішкі бауындай жақынбыз ғой. Спорт ойындары футбол, волейболда бір-бірімізді көтермелеп жатырмыз. Бильярдтан да бәсеке бар екен. Одан да шет қалмадық. Ал. шахматқа келгенде Еркін аға бәріміздің «шаңымызды қакты». Бұрын қарсылас боп ойнап көрмегенбіз. Сонда ол кісінің күшті ойыншы екендігіне көзіміз анық жетті.

Шахмат-ойдың ойыны. Шаршы тақтадағы қиян-кескі тартыстан кейін ой-өрісің кеңіп, сергіп, серпіліп қалатының бар. Еркін ағамен Қарғалыдан соң шахмат ойнай алмағанымыз өкінішті. 1997 жылдың ортасынан «Хантәңірі» Кегенде дайындалып, басыла бастаған уақытта Еркін аға келе қалса:

-Оу, азаматтар, хал-жағдайларың қалай? Қаламдарың қарымды ма?-деп есіктен дауыстай кіретін. Орнымыздан қуана ұшып тұрып амандасатынбыз. Ағамен арқаланып қалатынбыз.

Т. БАЯЛЫ.

Өмірі де, өнері де аңызға айналған аркалы ақын Еркін Ібітанов ағамыз өмірден өтті деген суық хабарды Қарасай ауданында жастар форумында естіп, ауыр ойда қалдым. Көз алдымнан кешегі аудандық газеттің жанкешті жұмысы, қажыған сәттердегі ағаның демеу сөздері, қармақпен су жағалаған қамсыз сәттер, шахмат тақтасындағы қызу сайыстар, «Бала, мен мынандай өлең жазып едім»- деп, арқалана жыр оқып кететін ақынның шабытты сәттері бір жүгіріп өтті...

Бізді «бала» деп еркелетіп, әрбір жазған мақала, өлеңімізді мақтап, дем берген ақын ағайымызбен өмірден өткенге дейін ағалы-інілідей сыйлас болдық. Жаны жайсаң ер мінезді Ерекен қай кезде болмасын аман-саламды жылы қабылдап, жанынды жадыратар әзіл-қалжыңмен қарсы алатын еді.

Дүйсен ДОСЫМБАЕВ.

Еркін Ібітановтың үлкен ақын және жерлесіміз екендігін сыртынан бұрыннан-ақ мақтан тұтып жүретінмін. Шетке шықсақ, Бердібек, Мұқағали, Еркін, Мұқатай сынды ақын-жазушы ағаларымызбен шоқтығымыз биік болып тұратыны белгілі. Иә, елдің атын осындай ерлері шығаратындығын өмірдің өзі әлдеқашан дәлелдеп берген. Ерекең сондай ерлердің алдыңғы қатарындағы азамат еді. Солай болып қала да береді.

Халық ЗЫҚАЕВ.

● ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

12 қыркүйек күні Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы ауылында «Отбасы күніне» орай өткізілген ұлттық «Мерейлі отбасы» атты округтік, аудан, облыстық байқауларына қатысушыларды марапаттау іс-шарасы өткізілді.

ЖАНҰЯ - ТӘРБИЕ БАСТАУЫ



Биылғы жылы да «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы ұйымдастырылып, оған жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болған отбасылар қатысып, байқау жеңімпаздары аталды. Әр отбасының жетістіктері мен артықшылықтары арнайы әділқазылар шешімімен ескерілді. «Мерейлі отбасы» ұлттық облыстық байқауына Нұржақыповтар отбасы қатысып, облыс басшылығының арнайы марапатын иеленіп қайтқан болатын. «Отан от басынан басталады» деп текке айтылмаған. Әр отбасының өз тарихы, заңы, өз экономикасы, өз тағдыры болары анық. Әр отбасының тірегі ата-әже, ене, әке-шеше болмақ. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, тәлім-тәрбие отбасынан басталады. Жүлде алған отбасыларын аудан әкімі Бота Серікқызы Елеусізова құттықтап, жылы лебізімен бірге

әр отбасын «Алғыс хатпен» және сыйлықтармен марапаттады. Одан кейін сахнаға байқау жеімпаздары атынан М. Сибанбекова, «Ұрпақ парызы» төрағасы Ж. Керімқұлов, Тиірмен ауыл тұрғыны, белгілі ақын Ж. Бақаева, ауданның «Құрметті азаматы», ардагер ұстаз К. Әубәкірқызы өздерінің ыстық ықылас пейілдерін білдіріп, байқау жеімпаздарын құттықтады. Іс-шараға ауданымыздағы белді өнер ұжымы «Жазерке» халықтық ұлт – аспаптар ансамблі әншілерімен қатар өңіріміздің өнері мен мәдениетіне өзіндік үлесін қосып жүрген «Арзу» халықтықтық ән – би ансамблінің әншісі А. Тохтасунов өз әндерін орындады. іс-шараға қатысушы көрермендер, байқау жүлдегерлері риза болып тарасты. **Н.БАЙСЕРКЕЕВА,**
Ұйғыр аудандық «Асыл ана» ұйымының төрайымы.

● ЗНАЙ НАШИХ!

ИЛИЙЦЫ - ЧЕМПИОНЫ ОБЛАСТИ!

Давно не писал таких новостей именно об этом виде спорта – футболе! Наши юные футболисты стали на днях чемпионами Алматинской области! Поздравляем! Как илиец очень рад этой победе и по горячим следам хочу поделиться с читателями!

В понедельник, с утра, спешу на городской стадион, где заранее договорился с детским тренером Виталием Темниковым, встретиться с чемпионами. Каждый день, с утра, ребята с 2013 года рождения приходят, приезжают на стадион с райцентра и с окрестных сел. «Расслабона» тут нет. Тренировки по 1.5 часа, 4 раза в неделю. И еще в субботу и выходные, игры. Валерий считает, что только так можно достичь результата. Труд и пот! «Это одержимые спортсмены и хороший резерв будущих профессиональных казахстанских команд. Буквально еще пару-тройку лет и они обязательно «выстрелят». На серьезном уровне! Помните мое слово!». Как ковалась эта победа? – Мы к ней шли 5 лет и в позапрошлом году заняли второе место по Алматинской области, уступив «золото» карасайцам – продолжил собеседник, – В этом году на чемпионате области участвовало 11 команд, разбитые на три подгруппы. В одной из них было 3 команды, в двух других – по четыре. В нашей подгруппе были следующие команды: ФК «Байсерке», Жигер (ОСДЮСШ Илийский район) команда областной специализированной школы и мы илийцы. Провели



5 игр. ФК «Байсерке» и «Жигер» (ОСДЮСШ Илийский район) обыграли достаточно легко: 5-2 и 16-0 да, да, Это не опечатка 16-0!). Потом настали принципиальные игры за выход победителя подгруппы. В упорной борьбе мы выиграли у Конаева ОСДЮСШ (областная, специализированная детско-юношеская школа по футболу) 3-2. В полуфинале сыграли с командой «Парасат», двукратными чемпионами области (ребята 2013 год рождения из Каскелена). Выиграли со счетом 3-1. Тут стоит пояснить, что в позапрошлом году мы «Парасату» проиграли: 5-2. Таким образом, два года спустя, мы взяли реванш! Но судьба нас вновь сводит с Каскеленом! Это уже вторая команда «Парасат», но уже 2014 года. Она в полуфинале сошлась с футболистами областной спец.школы и сыграв ничью основное время, по пенальти прошла дальше. В финале мы у упомянутого «Парасата» выиграли: 3-0. Вот так и стали чемпионами! Здесь стоит сказать, что эта победа

● ТІЛІҢ - ТҰҒЫРЫҢ!

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің қамқоры

Қазақ халқының тарихында тілі үшін тер төгіп, ұлт руханиятының көгін өрлеткен кемеңгер тұлғалар аз болмаған. Солардың ішінде аты алтын әріппен жазылған, тіл білімінің негізін қалаушы, ұстаз, ғалым, реформатор Ахмет Байтұрсынұлыны ерекше атауға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ жазуының реформаторы, төл әліпбиді жасаушы, тұңғыш оқулық авторы, ұлт мұраты жолында жанын қиған тұлға. Оның «Тіл – ұлттың жаны» деген қағидатты ұстанып, ұлттың болашағы үшін қазақ тілін ғылым деңгейіне көтеруге қосқан үлесі ұшан-теңіз. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлының ұлағатты сөзі уақыт өткен сайын терең мағынаға ие болып келеді. Себебі тіл – халықтың жаны, жүрегі, тарихы мен мәдениетінің негізі. А.Байтұрсынұлы – тек бір ғасырға ғана емес, тұтас ұлт тарихына мәңгі із қалдырған дара тұлға. Оның ең ерен еңбегі – қазақ тілін ғылым тілі дәрежесіне көтеруі, жүйелеп зерттеуі және оны сақтау жолында аянбай күресуі. Сол себепті де ол «қазақ тілінің қамқоры» деп толық атала алады. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегі - қазақ тілінің алғашқы ғылыми грамматикасы. Бұл еңбек арқылы ол тілдің ішкі заңдылықтарын жүйелеп, ғылыми негіздеді. «Тіл–құрал» - қазақ тіл білімінің іргетасы болып саналатын, тарихи әрі ғылыми құндылығы зор еңбек. Бұл - қазақ тілінің тұңғыш грамматикалық оқулығы ретінде 1914 жылдан бастап бірнеше рет басылып, ұзақ жылдар бойы мектеп пен медреселерде негізгі оқу құралы болған маңызды еңбек. Еңбектің құрылымы мен мазмұнына тоқталар болсақ, «Тіл–құрал» бірнеше бөлімнен тұрады: – Фонетика (дыбыс жүйесі) – дыбыстардың түрлері, дауысты және дауыссыз дыбыстар, буын, тасымал, дыбыс үндестігі жайлы мәлімет береді. – Морфология (сөз таптары) – зат есім, етістік, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, шылау, одағай сынды сөз таптарына тоқталып, олардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерін жүйелеп түсіндіреді. – Синтаксис (сөз тіркесі мен сөйлем құрылымы) – сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері, сөйлем құрау жолдары туралы мағлұматтар беріледі. Бұл бөлімдер қазақ тілінің табиғи құрылымын түсінуге және оқушылардың сауатты жазып, дұрыс сөйлеуіне ықпал етеді. Ғылыми маңызына келсек, Ахмет Байтұрсынұлы алғаш рет қазақ тілінің грамматикалық жүйесін өзге тілдердің ережесіне сүйенбей, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына негіздей отырып сипаттаған. Ол тер-

миндерді де ана тіліміздің байырғы сөздерінен қолдан жасаған. Мысалы, «атау», «ілгіш», «жалғау», «шылау» секілді. Бұл – қазақ тілінің ұғымдық жүйесін бұзбай, ұлттық таным аясында түсіндіруге үлкен сеп болды. Сонымен қатар тәрбиелік мәні де зор. «Тіл–құрал» - тек тіл үйрететін құрал емес, сонымен бірге ұлттық болмыс пен тәрбиенің де қайнары. Онда мысал ретінде келтірілген сөздер мен сөйлемдер ұлттық дүниетаныммен мәдениеттің айнасы іспеттес. Ахмет ағамыз бұл арқылы тілді үйретіп қана қоймай, ұлтты оятуды, сана мен рухты тәрбиелеуді мақсат етті. Тарихи рөліне келсек, бұл еңбек сол дәуірде қазақ халқының сауатын ашып, тілдік бірегейлікті сақтау үшін ауадай қажет болды. Кеңестік саясат кезеңінде тілімізге орыс тілінің әсері күшейіп жатқан шақта «Тіл–құрал» қазақтың тілін сақтап қалуға қызмет етті. «Тіл–құрал» – жай оқулық емес, ұлт руханиятының асыл мұрасы. Ахмет Байтұрсынұлы осы еңбегі арқылы қазақ тілінің ғылым ретінде дамуына жол ашты. Бүгінгі күнге дейін оның жазған тұжырымдары мен әдістемесі өз өзектілігін жоймаған «Әліпби», «Оқу құралы», «Маса» сияқты еңбектері арқылы жас ұрпақты ана тіліне, білімге, ұлттық санаға тәрбиелеуді мақсат етті. Ол тек тілші ғана емес, ұстаз, ағартушы, аудармашы, ақын, журналист, саясаткер ретінде де қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Ахмет ағамыздың тілге деген жанашырлығын оның мына сөзінен де аңғаруға болады: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Ол бұл ойды айтып қана қоймай, сол тілдің жойылып кетпеуі үшін жан аямай күресті. Ол жазған «Қазақ» газеті – халықтың көзі, құлағы, тілі болуға ұмтылды. Баспасөз арқылы ұлтты ояту, тіл мен ділді сақтау оның басты мұратына айналды. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі – ұлтқа қызмет етудің үлгісі. Ол қуғын-сүргінге ұшырап, басын бәйгеге тікті. Бірақ ол ешқашан халқына, тіліне деген махаббатын жоғалтқан жоқ. Оның есімі, еңбегі мен ерлігі – бүгінгі ұрпаққа үлкен үлгі, биік рухани мұра. Бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағы үшін Ахмет Байтұрсынұлы – тек тарихи тұлға емес, рухани бағдаршам. Ана тілінің шырақшысы болу – Ахмет мұрасына адалдықтың көрінісі. Жастарға тілдің қадірін ұғындырып, оны қадірлеуге тәрбиелеу – бүгінгі мұғалімнің, ата-ананың, әрбір азаматтың парызы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің асыл да айнымас қорғаны. Ол тілдің тағдыры – ұлттың тағдыры екенін дәлелдеп берді. Ендеше, біз де осы ұлы мұраны ұлықтап, ана тіліміздің абыройын асқақтатуға үлес қосуымыз қажет. Тіл – мәңгілік. Ал сол мәңгіліктің мәңгі өшпес шамшырағы – Ахмет Байтұрсынұлы.

Дария БАЙСЫНОВА,
аудандық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы.

победа! Сотни мальчишек возвращались домой радостными и гордыми за свою команду! И эта виктория стала предтечей футбольного бума в Илийском районе! В 2000 году, после ярой победы сборной команды «Иле» районная детвора потянулась в футбольные секции. Стараниями энтузиастов и при поддержке районного акимата в лице Логутова. Н.Н., Турымбетова Е.С, архитектуры, в лице Кудайбергенова Н.К., Шамиева И.В, Салимбаева Б.Т, была образована детско-юношеская команда «Иле Саулет». Ей, как показало время, было суждено вывести уровень футбола на вершину лучших футбольных районов не только региона, но даже страны! 2006 год. Создание профессионального ФК «Иле Саулет» и в этом же году победа в чемпионате района и 4 место в чемпионате г. Алматы. 2007 год. Первая сборная Илийского района на базе ФК «Иле Саулет» одерживает победу в первенстве Алматинской области по футболу. В этом же году, в финале чемпионата республики среди команд 2 лиги «Иле Саулет» обыграл алматинский «ФШМ» и получил

победу! Сотни мальчишек возвращались домой радостными и гордыми за свою команду! И эта виктория стала предтечей футбольного бума в Илийском районе! В 2000 году, после ярой победы сборной команды «Иле» районная детвора потянулась в футбольные секции. Стараниями энтузиастов и при поддержке районного акимата в лице Логутова. Н.Н., Турымбетова Е.С, архитектуры, в лице Кудайбергенова Н.К., Шамиева И.В, Салимбаева Б.Т, была образована детско-юношеская команда «Иле Саулет». Ей, как показало время, было суждено вывести уровень футбола на вершину лучших футбольных районов не только региона, но даже страны! 2006 год. Создание профессионального ФК «Иле Саулет» и в этом же году победа в чемпионате района и 4 место в чемпионате г. Алматы. 2007 год. Первая сборная Илийского района на базе ФК «Иле Саулет» одерживает победу в первенстве Алматинской области по футболу. В этом же году, в финале чемпионата республики среди команд 2 лиги «Иле Саулет» обыграл алматинский «ФШМ» и получил

победу! Сотни мальчишек возвращались домой радостными и гордыми за свою команду! И эта виктория стала предтечей футбольного бума в Илийском районе! В 2000 году, после ярой победы сборной команды «Иле» районная детвора потянулась в футбольные секции. Стараниями энтузиастов и при поддержке районного акимата в лице Логутова. Н.Н., Турымбетова Е.С, архитектуры, в лице Кудайбергенова Н.К., Шамиева И.В, Салимбаева Б.Т, была образована детско-юношеская команда «Иле Саулет». Ей, как показало время, было суждено вывести уровень футбола на вершину лучших футбольных районов не только региона, но даже страны! 2006 год. Создание профессионального ФК «Иле Саулет» и в этом же году победа в чемпионате района и 4 место в чемпионате г. Алматы. 2007 год. Первая сборная Илийского района на базе ФК «Иле Саулет» одерживает победу в первенстве Алматинской области по футболу. В этом же году, в финале чемпионата республики среди команд 2 лиги «Иле Саулет» обыграл алматинский «ФШМ» и получил



С командой-чемпионом встречался Рамазан ЕЛЕШЕВ,
п. Отеген батыр

ЕСКЕ АЛУ

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШЫМ...



54 жыл жүрегіме алау, жаным
жалау болған қайран менің асыл
жарым Майра! Сенің о дүниенің
есігін ашып, мәңгілік мекеніңнен
пана тапқаныңа міне, бір жылдың
жүзі болды. Сенесің бе, содан
бері шаттана қуануды, жарқыл-
дап күлуді қойдым. Ендігі өмірім
мазасыз түндермен, көңіліз күн-
дермен өтіп жатыр. Үйде ешкім
жоқта жаным аласұрып сені із-
деймін. Бірде асүйден, бірде жа-
тын бөлмеден күлімдеп шығып
келе жатқандайсың. Ара-тұра
сыңғырлаған даусың құлағыма
жетеді. Қасыма келіп әңгіме ай-
тып жатқандай боласың. «Тірі
адам тіршілігін жасайды», деп
айтып жатамыз ғой. Дей тұрған-
мен жасың 70 тен асқан кезде қа-
сындағы қосағыңнан айырылып,

жалғыз қалғаннан өткен азап жоқ екен. Кеудеңде жаның болған соң, шамаң келгенше жұмысыңа барып, елмен араласып аз да болса іштегі қайғыңды ұмыт-
ады екенсің. Шүкіршілік, Айман мен Ержігіт бала-шағасымен келгенде немесе
Әлібегім шетелден қоңырау шалғанда көңілім бір серпіліп қалғандай болады.
Оған да тәубе деймін. Сенімен бір үйдің шамын жағып, бір шаңырақтың түтінін
түтеткенімізге елу төрт жыл болыпты. Әкемнің батасын алған сен маған жақ-
сы жар, ата-анам ибалы келін, балаларымызға ардақты ана, немерелерімізге
кадірлі әже бола білдің. Туған-туысқа, ел-жұртқа мейрімді, жағымды болдың.
Жұмысында да абыройдан кенде болған жоқсың. Медицина саласында еңбек
ете жүріп, үйдің шаруасына да, балалардың тәрбиесіне де, туыстардың жағдай-
ын жасауға да уақыт таптың. Өзіңнен бұрын менің абыройымды ойлап, алаңсыз
қызмет атқаруыма барлық жағдайды жасап отырдың. Кей уақыттарда қызмет-
тен қол босамай тәулік бойы үйге келгенде де бір қабақ шытпай қарсы ала-
тынсың. Түн ортасында жолдастарымды ертіп келгенде де жайдары қалпыңмен
асыңды пісіріп, дастарханды жайнатып, келген қонақты ризашылықпен шыға-
рып салатынсың. Бірде бір рет «Ұйқымы бұздың ғой!», -деп реніш білдірмедің.
Серілігімді де, еркелігімді де, пенделігімді де көтере білдің.

Иә, біздер бақытты ғұмыр кештік. Елдің алды болмасқа та, біреуден ілгері,
біреуден кейін дегендей өмір сүріп, үш баланы дүниеге әкелдің. Отбасылық құн-
дылықты, ұлттық салт-дәстүрді олардың бойына сіңірдің. Айман, Жеңіс, Әнуар,
үшеуі де жоғарғы оқу орнын бітірді. Әнуарды үйлендіргенде бірге қуанып, бірге
шаттандық. Әлібегіміз дүниеге келгенде бізден бақытты жан болмады. Өттең,
өттең бұл қуанышымыз да ұзаққа созылмады. Жақсылықпен қатар жамандық
та есігімізді қақты, амал не? «Жазымыштан озымыш жоқ!», -дегендей бас-аяғы
он күннің ішінде екі ұлымыздан айырылып, қанатымыз қайырылды. Қабырға-
мыз сөгіліп, жанымыз жараланды. Мықтылығың сондай алдымен сен ес жый-
дың. Әлібек үшін еңсенді көтердің. Маған демеу болып, күш бердің. Екеуіміз
бір-біріміздің жанымызды бірге емдедік. Іштей қан жұтып, қайғырып тұрсақ
та сыртқа білдірмей келініміз Арайлым үшеуіміз Әлібекті әлпештеп бақтық.
Тағдырдың басымызға салғанына көндік, қолдан басқа не келеді. Сенің пара-
саттылығың, шыдамдылығың, қайраттылығың бізді осындай қиын кезеңнен
алып шықты. Жүрегімізде жазылмас жара қалса да біз осылайша сенің арқаңда
қындықты жеңдік.

Бүгінде тірі болғанда осы қыркүйек айының 17 жұлдызында сенің 75 жасқа
толғаныңды тойлап жататын едік. Амал не, ол күнге жете алмадың. Майрашым
менің, сенің туған күнінде өзіңе құран бағыштап, о дүниенің жақсылығын
тіледім. Қолымнан басқа не келеді, айтшы? Жатқан жерің жарық болып, нұрың
пейіште шалқысын асыл жарым Майра! Сен менің мәңгілік сағынышымсың...
Сағынышым болып қала бересің!

ӘМЗЕ ИСАЕВ.
Іле ауданы,
Ащыбұлақ ауылы

Мейірімді жүзі-жүрегімізде

Бар ғұмырыңды отбасының бақытына арнаған, сүйікті жар, асыл ана,
ардақты әже Майра Шәмшіқызының өмірден өткеніне бір жыл болды.

Ол 1950 жылдың 17 қыркүйегінде Іле ауданы, А.Тоқпанов ауылында (бұрынғы
КазЦИК) дүниеге келген болатын. Жастайынан білімге құштар, еңбекқор болған
ол 1966 жылы Талғар қаласындағы медициналық училищеге түсіп, 1969 жылы
медбике мамандығын игеріп шықты. Алғашқы еңбек жолын жолдамамен қазіргі
Түймебаев ауылындағы ауылдық ауруханада бастады. Ізденімпаздығы мен та-
бандылығының арқасында кейіннен жоғары білім алып, ұзақ жылдар бойы сол
өңірдің денсаулық сақтау саласында абыройлы қызмет атқарып, лаборатория
менгерушісі болды. Зейнетке шыққанға дейін адал еңбегімен көптің алғысына
бөленді.

1975 жылы өмірлік серігі Әмзе Әлдибекұлымен шаңырақ көтеріп, бір-біріне
сүйеу болып, 54 жыл бірге ғұмыр кешті. Отбасының бақыты мен берекесін кел-
тірген ауулы ана екі ұл, бір қыз өсіріп, бүгінде артына төрт немере сүйгізді. Сөй-
тіп, шаңырағының шаттығын сақтап, ұрпағына ізгілік пен мейірімнің үлгісін
көрсетіп кеткені анық. Артында қалған балалары мен немерелері-оның өмірінің
жалғасы, ең үлкен мұрасы.

Жүректерге жылу шашатын жақсы адамның аты-қашан да жақсы адам. Біздің
жүрегімізде ол кісінің мейірімді бейнесі, ақыл-өсиеті мәңгі сақталады. Оның ізі
мен ісі ұрпағына аманат, рухы бізге әрдайым күш-қуат болып қала бермек.

Майра Шәмшіқызының өмір жолы – адал еңбек пен парасатты ғұмырдың үл-
гісі. Ол әрқашан айналасына мейірім шуағын төгіп, ұрпағына өнеге қалдырған
асыл жан болып, санамызда мәңгі сақталады. Оның адами бітім-болмысы, аза-
маттық кескін-келбеті біздің жүректерімізде қалары анық. Жатқан жері жайлы,
топырағы торқа болсын.

РОЗА АБИЛОВА,
Алатау қалалық мәслихатының төрағасы

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Қонаев қаласындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» құрылуының бір жыл-
дығына орай, Бердібек Соқпақбаев атындағы саябақта мерекелік кеш болып өтті. Ор-
талық Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарла-
малар басқармасының қолдауымен 2024 жылдың тамыз айында өз жұмысын бастаған
болатын. Бүгінгі күні орталықта 160 ардагер өз денсаулықтарын нығайтып, бір-бірімен
араласуда. Олар үшін бұл жер-күш-қуат, достық пен шабыт мекені болып отыр.

КҮШ – ҚУАТ ПЕН
ДОСТЫҚТЫҢ МЕКЕНІ

Мәдени шараны Қонаев қала-
сы әкімінің орынбасары Сәуле
Нұрсолтанова орталық мүше-
лерін бір жылдықтарымен құт-
тықтай келіп: «Бұл-орталықтың
басты мақсаты-қарт адамдарды
шеттетпей, керісінше олардың
белсенді өмір сүріп, жастарға
үлгі болуына жағдай жасау.
Сондықтан бүгінгі мереке қала
тұрғындары үшін өте маңызды
оқиғаға айналып отыр», -деп са-
лауатты өмір салтын ұстанып,
спортты жанына серік еткен
қарттарға тілектестік білдіріп,
қала әкімі Асхат Бердіхановтың
Алғыс хатын табыстады.

Одан кейін сөз алған облыстық
«Белсенді ұзақ өмір сүру орта-
лығының» директоры Жания
Сақташева орталықтың зейнет-
керлік жастағы адамдарды бел-
сенді мәдени, шығармашылық,
спорттық және іскерлік өмір-
ге әлеуметтендіруді, олардың
физикалық денсаулығының
ұзақтығын арттыруды, аға буын
өкілдерінің бос уақытын, әрбір
қарт адамның қажеттілігі мен
құндылығын дамытуды көздей-
тіндігін атап өтті.

«Қоғамның дамуы қоғам-
ның қарт адамдарға деген қа-
рым-қатынасымен өлшенеді.
Мемлекеттік саясатта өмір сүру
ұзақтығын ұлғайту бойынша
нақты мақсат қойылған бола-
тын. Соның нәтижесін бүгін
көріп отырмыз. -деді Алматы
облысының Қазақстан Халқы
Ассамблеясы жанындағы Ана-
лар кеңесінің төрайымы, «Бел-
сенді ұзақ өмір сүру орталығы-
ның» облыстық координаторы
Гүлнар Жошыбаева.

Қалалық аналар кеңесінің
төрағасы Дәметкен Нүсіпбеко-



ва, ардагерлер кеңесінің төраға-
сы Базарбай Оралбаев, орыс
этномәдени ұйымының төраға-
сы Зинаида Волкова, ұйғыр эт-
номәдени ұйымының төрағасы
Рисалей Нуранова кезекпен сөз
алып, қарттардың бос уақытын
тиімді өткізуге әрі белсенді ұзақ
өмір сүруіне жағдай жасап отыр-
ған орталықтың басшылығына
ризашылықтарын білдірді.

Бір жыл ішінде облыс
көлемінде өткен байқауларға

Руфина Іабайдуллинаның же-
текшілігіндегі топ «Халық та-
ланттары» фестиваліне қаты-
сып, 1-ші орынды иеленді.
Алматы облыстық ардагерлер
ұйымының Ұлы Отан соғысы-
ның 80 жылдығына ұйымда-
стырған «Отты жылдар әндері»
байқауында Анатолий Мирош-
ниченконың хор тобы Алғыс
хаттармен, ал скандинавиялық
жүру тобының жаттықтырушы-
сы Лариса Кремпин 2-орын
иегері атанды. Қалалық аналар
бірлестігімен бірлесіп өткіз-
ген «Ана Фест» іс-шарасы да
көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй
сыйлады.

-Бүгінгі мерекеге тыңғылықты
дайындықпен келдік. Әрбір топ
жыл ішінде қандай жетістікке
жеткендерін өздерінің жасаған
жаттығуларымен, өнерлерімен
көрсете білді, -деді қалалық
«Белсенді ұзақ өмір сүру орта-
лығының» координаторы Хали-
па Рахметова бізбен әңгімесін-
де.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Коллективті иммунитет бұл не?

Қазіргі таңда әлем жұртшылығы жиі еститін ұғымдар-
дың бірі – коллективті иммунитет. Бұл ұғым тек медицина
саласына ғана қатысты емес, ол бүкіл қоғамның саулығына,
ұлт денсаулығына әсер ететін маңызды фактор болып табы-
лады.

Коллективті иммунитет дегеніміз не?
Коллективті иммунитет – белгілі бір қауымдастықта
адамдардың басым көпшілігінің белгілі бір инфекцияға қарсы
иммунитетінің қалыптасуы. Яғни, халықтың үлкен бөлігі ау-
руға қарсы қорғалған кезде, сол аурудың таралуы тежеледі. Бұл
жағдайда ауру жұқтыру қаупі тек егілген немесе бұрын ауырған
адамдар үшін ғана емес, сондай-ақ денсаулығына байланысты
екпе ала алмайтындар үшін де азаяды.

Мысалы, егер бір ауылдағы тұрғындардың 80–90%-ы қы-
зылшаға қарсы егілсе, онда ауру жұқтырған бір адам індетті
басқаларға тарата алмайды. Себебі айналасындағылардың басым
көпшілігі қорғалған болады.

Коллективті иммунитеттің маңызы
Қауіпті індеттердің таралуын тоқтатады. Тұмау, қызылша,
көкжөтел, туберкулез сияқты инфекциялар халық арасында кеңі-
нен жайылмайды.

Әлсіз топтарды қорғайды. Сәбилер, жүкті әйелдер, қарт

адамдар, созылмалы ауруы бар адамдар екпе ала алмайды. Кол-
лективті иммунитет олардың амаңдығын сақтауға көмектеседі.

Эпидемияның алдын алады. Егілмеген аз ғана адамдар болса
да, олардың арқасында ауру кең тарай алмайды.

Медициналық шығынды азайтады. Ауруды емдеуге кететін
қаржы, дәрі-дәрмек, уақыт шығыны қысқарады.

Иммунитет қалай қалыптасады?
Коллективті иммунитеттің қалыптасуының негізгі екі жолы
бар:

1. Жоспарлы егу (вакцинация). Бұл – ең сенімді әрі тиімді
жол. Екпе арқылы адам ағзасында иммундық қорғаныс жасанды
түрде қалыптасады.

2. Ауруды бастан өткеру. Кей адамдар табиғи жолмен ауру-
дан айыққан соң иммунитетке ие болады. Дегенмен, бұл жол өте
қауіпті, өйткені ауру асқынып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Коллективті иммунитет – тек жеке адамның денсаулығы
үшін ғана емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігі үшін маңызды. Әрбір
ата-ана баласына уақытылы екпе жасатса, әрбір азамат өз денсау-
лығына жауапкершілікпен қараса, біз көптеген қауіпті ауруларды
ұмыт боларлықтай деңгейге жеткізе аламыз.

Денсаулық – елдің ең үлкен байлығы. Ал коллективті имму-
нитет – сол байлықты сақтаудың басты кепілі.

МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық
бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасын
білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған
материалдарды көшіріп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет –
жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін
редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
даму министрлігінің Ақпарат комитетінде
2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп
KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында
басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының
бүгінгі санның таралымы – 3400
Тапсырыс №2032
Индексі – 65472.